

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы
2025-2026 оқу жылы

Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша
ата-аналарға арналған «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі!»
тақырыбындағы сауалнаманың
Анықтамасы

Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру жұмысы бойынша оқушыларымыздың ата-аналарына «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі!» тақырыбындағы сауалнама жүргізілді. Жалпы, сауалнамаға бастауыш сынып оқушыларының 140 ата-анасы қатысып, жауаптары анонимді түрде алынды. Сауалнама 11 сұрақтан құралды. Сауалнама бойынша:

1. «Мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету тиімді деп санайсыз ба?» сұрағына 95 ата-ана (99 %) «иә» деп жауап берсе, 1 (1 %) ата-ана «жоқ» деп жауап берді.
2. «Сіздің балаңыз үйден таңғы ас ішіп шығады ма?» деген сұраққа 61 (74,4 %) ата-ана «иә», 21 (25,6 %) ата-ана «жоқ» деп жауап берді.
3. «Сіздің балаңыз мектеп асханасынан ыстық тамақ ішеді ме?» сұрағына 56 (64 %) «иә» деп жауап берді, 25 (31 %) «кейде» деп жауап берді, 1 (1 %) «жоқ» деп жауап берді.
4. «Сізді мектеп асханасының ас мәзірі қанағаттандырады ма?» сұрағына барлық 63 ата-ана 67 (82 %) «иә» жауабын таңдаған, 21 (18 %) «жоқ» жауабын таңдаған.
5. «Сіз балаңыздың ішетін ас мәзірімен танысып көрдіңіз бе?» сұрағына 43 (52 %) ата-ана «иә», 39 (48 %) ата-ана «жоқ» деп жауап берді.
6. «Күнделікті ас мәзірі туралы ақпаратты қадағалап отырасыз ба?» сұрағы бойынша 28 (34,1 %) «иә», 54 (65,9 %) «жоқ» жауабын белгілеген.
7. «Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша мәліметтерді қайдан алып отырасыздар?» сұрағына 35 (43,2 %) «қадағаламаймын», 26 (32,1 %) «мектептің әлеуметтік желісінен», 21 (24,7 %) «сынып жетекшісінен» жауаптарын таңдаған.
8. «Сіздің балаңыз мектеп асханасының тамағына қанағаттанбаса, не себеппен көңілі толмайтындығын айтады?» сұрағы бойынша 37 (36 %) «тамақтың дәміне байланысты», 50 (46,3 %) «ешқандай шағымы жоқ, асхана тамағы ұнайды», 4 (4,3 %) «тамақтануға уақыт жетпей қалатындығына байланысты», 1 (1,1 %) «асхананың тазалығына байланысты» жауаптарын белгілеген.
9. «Балаңыздың қандай тағамдарды жақсы көретінін білесіз бе?» сұрағына 80 (98 %) «иә» жауабын берген, 2 (2 %) «жоқ» жауабын белгілеген.
10. «Сіз балаңызбен үйде белгілі бір тағамның пайдасы әртүрлі тағамдардағы дәрімендер туралы сөйлесесіз бе?» деген сұраққа 68 (82,9 %) «иә», 12 (17,1 %) жауап берді.
11. «Мектеп асханасының тазалығына өзіңіздің көңіліңіз толады ма?» сұрағына 54,2 (66 %) «иә» деп жауап берген, 28 (18 %) «жоқ» деп жауап берген.

Қорытынды: Мектеп оқушыларының ата-аналарына жүргізілген сауалнама бойынша ата-аналардың басым көпшілігінің мектеп асханасы жұмысымен қанағаттанатындықтары, тазалығына, тамақ сапасына көңілдері толатындығы анықталды. Көптеген ата-аналардың ас мәзірімен күнделікті танысып отыратындығы көрінді. Кейбір ата-аналардың ыстық тамақтануға қатысты жауаптарына сәйкес, сынып жетекшілермен бірлесе түсінік жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды жасаған:  Б.Т.Айтжан